

## "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 105 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 мамырда № 3201 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 23 мамырдағы № 124 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 23.05.2017 № 124 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 42-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27, 37-баптарына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 17-бабына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы Жарлығына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Атырау облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Ш.Ж. Мұқанға жүктелсін.

Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Б. Измұхамбетов*

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі №105 қаулысына 1 - қосымша

## **Атырау облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі**

1. Атырау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 102 "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының мәселелері туралы" қаулысының 2-тармағы ;

2. Атырау облысы әкімдігінің 2009 жылғы 10 тамыздағы № 191 "Облыс әкімиятының 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 102 "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының мәселелері" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы;

3. Атырау облысы әкімдігінің 2010 жылғы 4 маусымдағы № 138 "Облыс әкімиятының 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 102 "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының мәселелері" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы;

4. Атырау облысы әкімдігінің 2010 жылғы 28 қазандағы № 284 "Облыс әкімиятының 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 102 "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының мәселелері" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы;

5. Атырау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 17 наурыздағы № 78 "Облыс әкімиятының 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 102 "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының мәселелері" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы;

6. Атырау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 370 "Облыс әкімиятының 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 102 "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының мәселелері" қаулысына толықтыру енгізу туралы" қаулысы;

7. Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қаңтардағы № 20 "Облыс әкімиятының 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 102 "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының мәселелері" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы.

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 105 қаулысына 2-қосымша  
Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 105 қаулысымен бекітілген

## **"Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 1. Жалпы ережелер**

1. "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) денсаулық сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомствосы жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарманың егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса,

мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы  
б а р .

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарманың бірінші басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін ш е ш і м д е р қ а б ы л д а й д ы .

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 060010, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Басқарманың қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. Басқарманың миссиясы Атырау облысының аумағында денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты орындау болып табылады.

1 5 . М і н д е т т е р і :

1) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, білім және ғылым саласындағы заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету;

3) азаматтарды және оралмандарды тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде уақытша бейімдеу және детоксикациялау жөніндегі медициналық қызметтер көрсетуді қоса алғанда, медициналық көмекпен және дәрілік құралдармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен қ а м т а м а с ы з е т у ;

4) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарын қоспағанда, денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне мониторинг пен бақылауды ұйымдастыру және

1) денсаулық сақтау бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі функциясын ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық және фармацевтикалық қызметтер берушілерді таңдауды және оның шығындарын өтеуді жүзеге асырады;

3) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету шеңберінде дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялаушы) препараттарды:

амбулаториялық деңгейде – уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес;  
стационарлық деңгейде – дәрілік формулярлар шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сатып алуды және сақтауды ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

4) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, медициналық емес жабдықтарды, санитарлық көлікті, сондай-ақ мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына күрделі жөндеу жүргізуге арналған қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастырады;

5) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын кадрмен қамтамасыз етуді ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

6) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын жарақтандыруды қамтамасыз е т е д і ;

7) денсаулық сақтау саласында өңірлік электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің, ақпараттық-коммуникациялық желілердің құрылуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

8) жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарындағы клиникалық базаларды жоғары және орта медициналық оқу орындарына береді;

9) төтенше жағдайлар кезінде тегін медициналық көмек көрсетуді, дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етуді ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

11) денсаулық сақтау саласындағы кадрларды даярлау, олардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау жөніндегі қызметті ұйымдастырады және үйлестіреді;

11) гигиеналық оқытуды, салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды насихаттау мен қалыптастыруды ұйымдастырады;

12) халықты әлеуметтік маңызы бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың таралуы туралы хабардар етеді;

13) азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды;

14) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде статистикалық әдіснама талаптарын сақтай отырып, денсаулық сақтау саласындағы ведомстволық статистикалық байқауды жүзеге асырады;

15) ведомстволық бағынысты мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары басшыларының кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттау жүргізеді;

16) Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алу құқығын іске асыруын қамтамасыз етеді;

17) уақытша бейімдеу және детоксикациялау орталықтарындағы адамдарды күтіп-бағуға бақылауды жүзеге асырады;

18) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының қызметіндегі тұрақтылықты және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне арналған бюджет қаражатының пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

19) денсаулық сақтау ресурстарын тиімді жоспарлау мен пайдалануды қамтамасыз етеді;

20) медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі шараларды қабылдайды;

21) қан мен оның компоненттерінің ерікті өтеусіз донорлығын дамыту жөніндегі шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

22) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоғары мамандандырылған медициналық көмек алу үшін тұрақты тұратын елді мекеннен тысқары жерлерге шығатын азаматтардың жекелеген санаттарына облыстық жергілікті өкілді органдары айқындайтын тізбе бойынша ел ішінде жол жүру ақысын төлейді;

23) белгіленген ұлттық стандарттарды сақтай отырып, халыққа білікті және мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді, оның ішінде әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың профилактикасын және олардан емдеуді, оған қоса тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрімен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

24) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес медициналық және фармацевтикалық қызметті, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;

25) тұрғындардың шағымдарын, өтініштерін қарап, қажетті шаралар қабылдайды;

26) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын субъектілердің тізілімін жүргізеді;

27) медициналық және фармацевтикалық қызметпен айналысу, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет түрлері бойынша Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

28) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің тізілімін жүргізеді;

29) профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізеді (инфекциялық және паразиттік аурулар табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда);

30) фармацевтикалық білімі бар маман болмаған жағдайда, аудан орталығынан шалғайдағы елді мекендерде алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана пункттері және жылжымалы дәріхана пункттері арқылы дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өткізуді жүзеге асыру үшін медициналық білімі бар мамандарды оқытуды және аттестаттауды жүргізеді;

31) тіндердің (тін бөлігінің) және (немесе) ағзалардың (ағзалар бөлігінің) ерікті түрде өтеусіз донорлығын дамыту жөніндегі шараларды іске асыруды қамтамасыз етеді;

32) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар қабылдауды, сондай-ақ рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізуді жүзеге асырады;

33) бюджеттен қаржыландырылатын коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар қызметтерінің басым бағыттарын және міндетті жұмыстар (қызметтер) көлемін айқындайды;

34) тиісті саладағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, Заңда көзделген жағдайларда келіседі және бекітеді;

35) тиісті саладағы коммуналдық заңды тұлғалар мүлкінің сақталуын және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

36) тиісті саладағы коммуналдық заңды тұлғалардың жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

37) тиісті саладағы мемлекеттік мекемелерді жергілікті бюджеттен

қаржыландыру жоспарларын бекітеді;

38) тиісті салада мемлекеттік мүлікті басқару аясындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

39) өзіне бағынысты ұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңымен және өзге нормативтік-құқықтық актілермен белгіленген тиісті саладағы уәкілетті органның функцияларын атқарады;

40) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыретіне кіретін мәселелерді шешу үшін ұйымдастыру-құқықтық нысанына және ведомстволық бағынысына қарамастан медициналық ұйымдардан, азаматтар мен лауазымды тұлғалардан ақпараттар мен материалдарды сұратады және алады;

2) өңірлік бағдарламалар шеңберінде азаматтар денсаулығын сақтау мәселелері бойынша ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;

3) Басқарманың ұйымдастыру қызметін және материалдық-техникалық базасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) денсаулық сақтауды дамытуға елеулі үлес қосқан медициналық қызметкерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға ұсынады.

### **3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру**

18. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Басқарманың бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Бірінші басшының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) Басқарма қызметкерлерін, ведомстволық бағыныстағы ұйымдар басшыларын, орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

4) штаттық кестені және Басқарманы ұстауға бөлінген төлемақы қоры және

штат саны лимиті шегінде шығыстар сметасын бекітеді;

5) заңнамада белгіленген тәртіпте Басқарма қызметкерлеріне және ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларына тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу мәселелерін шешеді;

6) Басқарма атынан сенімхатсыз әрекет етеді, шарттар жасасады, сотта, мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда оның мүддесін білдіреді;

7) Басқарма қызметкерлері және ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшылары орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) тұрғындардың жеке мәселелері бойынша азаматтарды қабылдауды ұйымдастырады ;

9) Басқармада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады ;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. Басқарманың мүлкі**

23. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарманың өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату**

26. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **6. Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**



1) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық офтальмология ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

2) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "№ 1 Атырау қалалық емханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

3) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "№ 2 Атырау қалалық емханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

4) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық онкология диспансері" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

5) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық тері-венерологиялық диспансері" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

6) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

7) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық кардиологиялық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

8) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық перзентханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

9) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

10) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау қалалық перзентханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

11) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "№ 3 Атырау қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

12) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "№ 4 Атырау қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

13) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "№ 5 Атырау қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

14) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Геолог емханасы"

шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

15) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "№ 7 Атырау қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

16) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Махамбет аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

17) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Жылыой аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

18) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Индер аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

19) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Исатай аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

20) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Құрманғазы аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

21) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Мақат аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

22) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

23) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Қызылқоға аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

24) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау медициналық колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ;

25) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ;

26) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық психиатриялық жүйке тамырлар ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ;

27) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық наркологиялық диспансері" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ;

28) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық

қан орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

29) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық патолого-анатомиялық бюросы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ;

30) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық туберкулезге қарсы күрес диспансері" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ;

31) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық туберкулезге қарсы өкпе аурулар санаториясы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ;

32) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық туберкулезге қарсы балалар санаториясы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ;

33) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау қалалық медициналық жедел жәрдем станциясы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ;

34) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық балалар стоматологиялық емханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ;

35) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Дамбы дәрігерлік амбулаториясы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

36) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Еркінқала дәрігерлік амбулаториясы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

37) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Қызылқоға аудандық туберкулезге қарсы диспансері" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ;

38) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Махамбет ауданаралық туберкулез ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ;

39) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Индер аудандық өкпе аурулар диспансері" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

40) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Исатай аудандық өкпе аурулар диспансері" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

41) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Жылыой аудандық өкпе аурулар ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

42) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Мағзом Ғилаев атындағы Құрманғазы аудандық өкпе аурулар ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

43) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Мақат өкпе

ауруларға қарсы ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

44) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

### **Басқарманың қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі**

1) "Орталық нерв жүйесі зақымдалған балалар үшін арнаулы Сәбилер үйі"  
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і ;

2) "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Арнаулы медициналық жабдықтау базасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.